

5. «Ұлттық құндылықтар негізінде білім берудің педагогикалық аспектілері» (облыстық ғылыми-практикалық конференция) 25 желтоқсан Атырау, 2013 ж.
6. Глаголева К. С. Л.С. Выготский о роли игры// Молодой ученый. - 2017. - № 4 (138),
7. Шмаков С. А. Игры учащихся - феномен культуры. - М.: Новая школа. - 2014.
8. Құдайбергенова, А. Дошкольный возраст и развитие социальных навыков у детей. — Алматы: Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2016ж.

Азилхан А.Б. Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Педагогика факультеті,
ДОиВ-23-1к тобының студенті
(*Аманбек Ж.О. мектепке дейінгі және психологиялық-педагогикалық даярлық кафедрасының аға оқытушысы*)

ИННОВАЦИЯ: ЖАҢА ИДЕЯЛАРДЫҢ АЛТЫН ДӘУІРІ

Инновация - қазіргі заманның негізгі қозғалтқыш күштерінің бірі. Әлемде болып жатқан технологиялық, экономикалық және әлеуметтік, білімдік өзгерістер қоғамның барлық салаларында жаңа идеялар мен шешімдердің пайда болуына себепші болды. Инновация ұғымы тек ғылыми және техникалық жетістіктермен шектелмей, қоғамның әрбір аспектісінде жаңа көзқарастар мен тәсілдердің дамуына ықпал етуде. Инновация термині латынның «innovare» сөзінен шыққан, бұл сөз «жаңарту» немесе «өзгерту» деген мағына береді. Қарапайым тілмен айтқанда, инновация - бұл жаңа идеялар, өнімдер, қызметтер, процестер немесе технологиялар арқылы қоғамда өзгерістер мен жетістіктер жасау.

Инновацияның негізгі мақсаты адам өмірінің сапасын арттыру, жаңа мүмкіндіктер жасау және бұрыннан бар мәселелерді тиімді шешу. Инновациялар ғылыми-техникалық прогрестен бастап, әлеуметтік жүйелер мен басқару құрылымдарына дейінгі көптеген салаларда кездеседі. Олар экономиканың дамуында, әлеуметтік әл-ауқаттың жақсаруында, білім беру мен денсаулық сақтау салаларында маңызды рөл атқарады. Инновациясыз қоғамның дамуы мүмкін емес, себебі кез келген қоғамның өсуі мен өзгеруі жаңа идеялардың пайда болуына байланысты. Жаңа идеялар - инновацияның негізі. Өйткені, әрбір инновацияның артында шығармашылық ойлау, жаңашылдық көзқарас, әрі тәжірибе жасау тұр. Технология мен ғылымның дамуында жаңа идеялар жиі кездеседі, және олар қоғамның түрлі салаларына әсер етеді. Мысалы, интернеттің пайда болуы немесе жасанды интеллекттің дамуы тек технологиялық прогресті ғана емес, адамдардың өмір салтын да түбегейлі өзгерткен жаңашыл идеялар болып табылады. Интернет қазіргі қоғамда маңызды рөл атқарады. Ол адамдар арасындағы байланыстарды жеңілдетіп, әлемнің кез келген түкпірінде орналасқан адаммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, әлеуметтік желілер арқылы адамдар өз ойларын, жаңалықтарын бөлісіп, түрлі қауымдастықтарға қосылып, бір-бірімен пікір алмасады. Интернет білім алу саласын түбегейлі өзгертті. Оқу материалдары мен кітаптарды интернеттен табуға болады, бұл білімге қолжетімділікті арттырды. Қашықтан оқу бағдарламалары мен онлайн курстар көптеген адамдарға білім алу мүмкіндігін берді. Студенттер әлемнің кез келген нүктесінен университеттер мен мектептердің ресурстарын пайдалана алады. Сонымен қатар, білім берудегі интерактивті құралдар мен платформалар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді. Электрондық коммерция (e-commerce) интернеттің бизнесте қолданылуының бір айқын мысалы. Интернет арқылы түрлі тауарлар мен қызметтерді сатуға мүмкіндік бар. Онлайн дүкендер мен платформалар бизнесті кеңейтіп, дүние жүзіндегі сатып алушыларға жетуге жол ашады. Сонымен қатар, интернет кәсіпкерлерге өз брендтерін әлеуметтік желілерде жарнамалауға, өнімдерін көрсетіп, онлайн сату жасауға мүмкіндік береді [1,13-14б].

Интернет ақпараттың жылдам таралуына мүмкіндік береді, бұл журналистика мен медиа салаларын да өзгертіп жіберді. Әлеуметтік желілер мен жаңалықтар сайттары арқылы адам сағатына жүздеген жаңалықтарды біліп отырады. Саяси алаңда да интернет маңызды рөл атқарады - қоғам белсенділері, саясаткерлер мен азаматтар түрлі мәселелер бойынша өз пікірлерін ашық түрде білдіре алады. Интернеттің арқасында ақпараттың еркін ағымы мен саяси қозғалыстар әлемнің кез келген жерінде пайда болады. Алайда интернеттің бірқатар қауіптері де бар: Жеке деректердің қауіпсіздігі: Интернетте жеке деректердің ұрлануы мен қолданылуы - маңызды мәселе. Онлайн банкинг, әлеуметтік желілер мен сауда

платформаларында жеке мәліметтердің қорғалуы маңызды. Киберқылмыс: Хакерлер мен алаяқтардың іс-әрекеттері интернет пайдаланушылары үшін қауіп төндіреді. Бұл сондай-ақ интернет арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттер мен вирус жұқтыру оқиғаларына да қатысты. Ақпараттық шындық: Интернетте әртүрлі ақпарат көздері бар, бірақ олардың бәрі сенімді емес. Жалған ақпараттар мен қауесеттер көп таралады, бұл қоғамды адастыруы мүмкін. Интернет бүгінгі таңда адам өмірінің барлық салаларында маңызды рөл атқаратын қуатты құралға айналды. Ол білім алудан бастап, жұмыс істеуге, әлеуметтік байланыстар орнатуға дейінгі барлық процестерді өзгертті. Алайда интернетті дұрыс пайдалану үшін оның қауіптері мен кемшіліктерін де ескеру қажет. Интернеттің көмегімен біз әлемді бір сәтте өзгерте аламыз, бірақ оны пайдалану мәдениеті мен қауіпсіздік шаралары да маңызды [2,15-16 б].

Сонымен қатар жаңа айтып кеткеніміздегідей жасанды интеллект қарқынды дамып келеді. Жасанды интеллекттің білім беру саласына енуі білім беру процесін өзгертетін және жетілдіретін мүмкіндіктерді ұсынады. Бүгінде көптеген елдер мен оқу орындары ЖИ технологияларын өздерінің білім беру бағдарламаларына енгізуде. Бұл технологиялар оқыту мен оқудың тиімділігін арттыруда, сонымен қатар білім беру жүйесін икемді әрі жоғары сапалы етуге ықпал етеді. Жасанды интеллект білім беру процесінде бірнеше маңызды бағыттарда қолданыла алады. Оларға оқытуды жеке қажеттіліктерге бейімдеу, оқу нәтижелерін бағалау, оқу материалдарын жасаудың жаңа тәсілдері, сондай-ақ студенттердің мотивациясын арттыру жатады. Әсіресе, ЖИ технологиялары онлайн оқыту жүйелерінде, қашықтықтан білім беру платформаларында кеңінен қолданылуда. Жасанды интеллект платформалары әртүрлі мақсаттарға арналған және олардың көпшілігі қолданушыларға әртүрлі салаларда көмектесу үшін әзірленген. Кейбір танымал платформалар:

1. OpenAI (ChatGPT)

Табиғи тілде сөйлесу және ақпарат алу үшін қолданылады. Әртүрлі тапсырмаларға: мәтін жазу, аударма, идеялар генерациялау, т.б. жарамды.

2. Google AI (TensorFlow)

Машина оқыту модельдерін құру және деректерді талдау үшін қолданылады.

3. Microsoft AI (Azure AI)

Бизнеске арналған шешімдер, деректерді өңдеу, сөйлесу боттары мен көру технологиялары үшін платформа.

4. IBM Watson

Денсаулық сақтау, бизнес талдау, табиғи тілді түсіну, т.б. салаларға арналған құралдар ұсынады.

5. Hugging Face

Табиғи тілдегі өңдеу (NLP) мен жасанды интеллект жобаларын құруға бағытталған.

6. Amazon AI (AWS AI Services)

Дауыспен басқару, машиналық көру, болжам жасау сияқты бизнес қызметтері үшін.

7. Meta AI

Қазіргі кезде ЖИ жүйелері студенттердің жұмыстарын автоматты түрде бағалауға, олардың қателіктерін анықтауға және жақсартулар ұсынуға қабілетті [3,15-18б]. Мысалы, жасанды интеллектке негізделген бағалау жүйелері студенттердің эсселерін, тест тапсырмаларын және жазбаша жұмыстарын тексеруге, сонымен қатар олардың пән бойынша алға жылжу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ технологияларының білім беру саласындағы қолданылуы кеңейіп, оның мүмкіндіктері арта түспек. Жаңа құралдар мен жүйелер білім беру процесін тиімді, қолжетімді әрі жоғары сапалы ету үшін тұрақты түрде дамып отырады. Жасанды интеллект білім беру саласында көптеген жаңа мүмкіндіктерді ашады. Ол оқыту мен оқудың сапасын арттырып, білім беру жүйесінің тиімділігін жоғарылатуға септігін тигізеді. Жасанды интеллекттің білім беру жүйесіне енгізілуі оқушылар мен оқытушылардың жұмысын жеңілдетіп, оқу процесін оңтайландырады. Дегенмен, бұл технологиялардың толыққанды және тиімді қолданылуы үшін білім беру мекемелерінде техникалық қолдау мен білім беру жүйесінің жаңа талаптарға сай бейімделуі қажет. Осыған орай, инновация қоғамның барлық деңгейінде әртүрлі жаңа көзқарастар мен шешімдердің болуы арқылы жүзеге асады. Жаңа идеялар тек инженерия мен ғылымда ғана емес, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және білім беру салаларында да маңызды рөл атқарады. Мысалы, білім беруде қолданылатын жаңа әдістемелер, басқару жүйелеріндегі инновациялық тәсілдер немесе экологиялық шешімдер қоғамда орныққан дәстүрлі жүйелерді жетілдіруге мүмкіндік береді. Инновациялық мәдениет - бұл жаңа идеяларға ашық болу, шығармашылықты ынталандыру

және қоғамның барлық деңгейінде жаңа шешімдер қабылдауға ұмтылу. Инновациялық мәдениет қоғамдағы барлық адамдарды біріктіреді және олардың арасында жаңа идеялармен бөлісуге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар мен концепциялардың табысты іске асуы үшін тиісті орта мен қолдау қажет. Бұл жағдайда мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы, білім беру жүйесінің инновациялармен интеграциясы маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесі инновациялардың негізі болып табылады. Жас ұрпаққа ғылыми жаңалықтарға қызығушылық таныту және шығармашылықпен жұмыс жасау дағдыларын үйрету қажет [4,22-236]. Сонымен қатар, қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар инновациялық процестерге қолдау көрсету үшін тиісті саясатты жүргізуі керек. Инновациялар тек ірі компаниялар мен ғылыми зерттеулерде ғана емес, сонымен қатар әрбір жеке тұлға мен қоғамда да іске асырылуы мүмкін.

Қазіргі кезең білектің емес, білімнің заманы. Жастары білімді елдің жүзі жарық, болашағы жарқын. Елімізде сапалы, білімді мамандардың әлі де аз екенін мойындап, заман сұранысына жауап беретін жаңа буын кадрларын даярлау қажет. Инновациялық жүйені тиімді пайдалануға көптеген жаңа идеялар мен әзірленімдер ұсына алатын білікті мамандар ғана экономиканы алға бастыра алады. ХХІ ғасыр ұлттық бәсеке, ақпараттық сайыс, инновациялық технологиялар және экономикалық өзерістермен ерекшеленеді. Кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары, халықаралық деңгейге сәйкес бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттің ең маңызды стратегиясы. Білім беру қызметінде сапалы секіріс жасау үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет екені белгілі. Жаңа ойлау жүйесі әлемдік жаһандану үдерісінің күшейе түсуі жағдайында аса қажеттілікке айналып отыр. Ал ол қызық технологияны меңгеру, жанкешті еңбек, осы ойлау жүйесін меңгерген білікті де білімді мамандар арқылы қалыптасалы. Технологияларды игеру мен өндіріске пайдалану, ғаламдық жаңалықтарды оқу үдерісіне енгізу бүгінгі заман талабы. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Халқымыздың «инмен құдық қазғандай, қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл» деген сөздері білім беру қызметінде аса үлкен жауапкершілік жүктейді деп есептейміз. Мемлекетіміздің «білім-ғылым-инновация» қағидаттарын ұстанатын қоғамдық даму сатысына өту барысында екенін және оған лайықты болу керектігін ұғынумыз керек. Білімі жоғары дамыған елдер ғана халқының тәуелсіздігін сақтап қала алмақ. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты, білімді жас ұстаған шақта өркениет өзінен-өзі өрге домалайды. «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтқан емес. Әлемде дамыған озық мемлекеттердің тәжірибесі табиғи ресурстардың есебінен емес, білім жүйесіне тиімді жолмен келе білуі нәтижесінде қол жеткізгенін көрсетуде. Қазіргі заманда кез-келген мемлекеттің жоғары тыныс тіршілігін қалыпты ұстап отырудағы маңызды шарты - ол адамдардың ерік-жігері, қажыр-қайраты, білімі болып табылады. Білім мен ғылым – әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл прогреске апаратын даңғыл жол.

Халықаралық тәжірибе ерте балалық шақтан ересек жасқа дейін адами капиталға, атап айтқанда, білім беруге бөлінетін инвестицияның экономика мен қоғамға елеулі қайтарымы болатынын дәлелдеп отыр. Адами капиталға бөлінетін инвестициялар жылдам өзгеретін әлемде бейімделе алатын техникалық прогрессивті, өнімді жұмыс күшін құру үшін аса қажет. Болашақтың табысты экономикасы білім беруіне, халықтың дағдылары мен қабілетіне инвестициялайтындар болмақ. Білім беруді әлеуметтік қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар ретінде ғана емес, экономикалық инвестициялар ретінде түсіну қажет. Білім беру мен экономикалық өсуді байланыстыратын көптеген дәлелдер бар: макро және микроэкономикадағы халықаралық зерттеулерді шолу білім берудің, табыстың және өнімділіктің арасында тығыз байланыстың бар екенін дәлелдеп отыр. Бұл ретте оқытудың бастапқы кезеңіне инвестициялаудың зор қайтарымы болатыны байқалады: зерттеулер білім беруді дамытуға жұмсалған инвестицияның маңызды жақтарын растайды. Экономикалық пайдадан бөлек білім беру басқа да әлеуметтік пайдаларды келтіреді, әлеуметтік капиталдың-азаматтардың көп үлесінің қатысуымен құралған, әлеуметтік бірлігі мен интеграциясы жоғары, құқық бұзушылық деңгейі төмен қоғамның қалыптасуына ықпал етеді. Жастайынан білім алу әлеуметтік, эмоционалдық және басқа да өмірге қажетті дағдыларды қалыптастыруда маңызды рөлге ие. Білім беру қызметінің барлық секторларын одан әрі дамытудың сенімді дәлелдері осында. Қазақстанның білім беруді түбегейлі жаңғыртуы білім беруге салынатын инвестицияны айтарлықтай және тұрақты ұлғайтуы, оның сапасын жақсартуы қажет. Қазақстанның жеделдетілген индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге

асырудың басталуы мен ғылыми саланы дамыту мәселесі негізгі мәнге ие болып отыр [5,354-359б]. Ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты екендігіне көзіміз жетті. Қазіргі қоғам ұстаздар қауымынан ақпаратты меңгере алатын, жан-жақты білімді, қабілетті, дербес шешім қабылдай алатын, рухани жігерлі, ойы озық, икемді ұрпақ тәрбиелеуді күтіп отыр. Олай болса, ұлт зиялысы М.Жұмабаевтың «Алты алаштың баласы бас қосса, ең жоғарғы орын мұғалімдікі» - деген аталы сөзінің үдесінен шыға білейік.

Инновацияның мәні жаңа, тиімді шешімдер мен тәсілдер енгізу арқылы кез келген жүйенің дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Ол адамзаттың өмір сапасын арттыруға, ресурстарды үнемдеуге және жаңа мүмкіндіктер ашуға бағытталған.

Инновациялық жобалар мен идеяларды жүзеге асыру үшін арнайы білім мен дағдылар қажет. Жаңа өнімдер немесе қызметтерді әзірлеу барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарынан бастап, нарықты зерттеу, маркетинг және басқару дағдыларына дейінгі білімдер қажет болады. Бұл тұрғыда оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының рөлі зор [6, 9-11б].

Инновация мен білімнің байланысын тағы да тереңірек қарастырсақ:

1.Білімнің инновациялық дамуға әсері: Инновацияларды енгізу үшін терең білім мен зерттеу жұмыстары қажет. Білім жаңа идеялардың, концепциялар мен технологиялардың негізін қалайды. Ғылым мен технологиялардағы соңғы жаңалықтар білім саласының жаңа бағыттарын ашуға мүмкіндік береді. Мысалы, биотехнология, нанотехнология, жасанды интеллект және генетика сияқты заманауи ғылым салаларындағы соңғы зерттеулер білімді жаңарту мен жетілдіруге бағытталған инновациялық шешімдерге жол ашады.

2.Білім беру жүйесінде инновацияларды енгізу: Білім беру саласы да үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Мысалы, онлайн білім беру жүйелері, цифрлық платформалар, виртуалды және қосымша шындық сияқты технологиялар білім беру процесін ыңғайлы әрі қолжетімді ете отырып, жаңа әдіс-тәсілдерді енгізуде. Бұл инновациялар оқушылардың білім сапасын арттырып, оқыту тәсілдерін дәстүрлі оқыту жүйесінен озық етіп өзгертуге мүмкіндік береді. Қашықтан оқыту, цифрлық құралдармен жұмыс істеу дағдылары бүгінгі таңда негізгі білім беру құралдарына айналууда.

3.Жоғары білім мен инновациялық кәсіпкерлік: Жоғары білім беру ұйымдары инновациялық зерттеулер мен кәсіпкерлік идеяларды жүзеге асыру үшін бірқатар мүмкіндіктер ұсынады. Университеттер мен ғылыми-зерттеу орталықтары инновациялық жобаларға қолдау көрсету үшін зертханалар, гранттар, стартап инкубаторлары сияқты ресурстарды ұсынады. Бұл білім беруші ұйымдар инновациялық экожүйені құруға, жаңа кәсіпкерлік идеяларды дамытуға ықпал етеді. Мысалы, университет студенттеріне инновациялық жобалар мен стартаптар жасау үшін арнайы бағдарламалар мен аландар ұсыну арқылы болашақ кәсіпкерлер мен зерттеушілерді дайындайды.

4.Оқыту әдістеріндегі инновациялар: Инновациялар тек білім берудің мазмұны мен құрылымын ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістерін де жаңартуға әкеледі. Мысалы, дәстүрлі дәрістерден өзара әрекеттесетін оқу формаларына, ойын элементтері мен тәжірибелік тапсырмаларға көшу білім беруді тиімдірек етеді. Студенттер өз бетінше шешім қабылдау, сыни ойлау және зерттеу қабілеттерін дамыту арқылы білімді тереңірек меңгеріп, оны қолданудағы дағдыларын жетілдіреді.

5.Инновациялар мен білім нарығы:Білім нарығында да инновациялық өзгерістер болып жатыр. Бұрын тек дәстүрлі оқу орындары ғана білім беріп келсе, қазіргі таңда онлайн курстар, вебинарлар, мобильді қосымшалар арқылы білім алу мүмкіндіктері кеңейді. Бұл білімді іздеу мен оқыту процесін жаңа деңгейге көтеріп, адамдардың уақыт пен ресурстарды үнемдей отырып, жоғары сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

6.Инновациялардың қоғамда әсері: Қоғамдық даму мен инновациялардың өзара байланысы ерекше. Мысалы, білім беру жүйесіндегі өзгерістер әлеуметтік теңдік, әділдік және мүмкіндіктерді кеңейтетін жаңа шешімдерге жол ашады. Инновациялар мен жаңа білімдер қоғамдық өмірдің барлық саласында әлеуметтік прогресс жасауға ықпал етеді. Әр түрлі әлеуметтік топтардың білімге қолжетімділігі артқан сайын қоғамдағы әл-ауқат пен өмір сүру деңгейі жоғарылайды.

7.Инновация және білімді тұрақты дамыту: Инновациялар мен білімді тұрақты дамытуға қатысты көптеген байланыстар бар. Экологиялық таза технологияларды дамыту, жасыл энергетика, биологиялық әртүрлілікті сақтау сияқты салалардағы білімнің дамуы

инновациялардың тұрақты болуына ықпал етеді. Бұл бағыттағы білім тұрақты даму мақсаттарына жету үшін жаңа әдіс-тәсілдер мен шешімдер табуға мүмкіндік береді [7,27-32б].

Инновация мен білім арасындағы байланыс қазіргі қоғамның дамуы үшін өте маңызды. Білім жаңа идеялар мен шешімдерді дамытуға негіз болады, ал инновациялар білімді іс жүзінде қолдану арқылы жаңа мүмкіндіктер мен тиімді шешімдер тудырады. Инновациялардың енгізілуі білім жүйесін жаңартып, оқыту тәсілдерін тиімдірек етуге мүмкіндік береді, ал жаңа білімдер мен дағдылар адамдарды инновацияларды жасауға және оларды жүзеге асыруға қабілетті етеді [8,33-36б].

Инновация мен білімнің өзара әрекеттесуі қоғамның барлық саласында прогреске қол жеткізуге ықпал етеді. Жаңа технологиялар, ғылыми жетістіктер, цифрландыру мен автоматтандыру білім беру жүйесіне жаңа көзқарастар мен әдістерді енгізеді. Сонымен қатар, білім мен дағдылардың дамуы инновацияларды табысты жүзеге асыруға және жаңа шешімдер мен идеяларды тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, инновация мен білім - бір-бірін толықтыратын және дамытуға ықпал ететін екі маңызды фактор. Білімсіз инновацияларды іске асыру қиын, ал инновациялар білімді кеңейтіп, оны тереңдетеді. Бұл өз кезегінде қоғамның дамуына, экономиканың өсуіне және адамдардың өмір сүру сапасының жақсаруына септігін тигізеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Педагогика №4, 2004: Мерзімді басылым, В.С.Лазарев, Б.П.Мартirosян. - Педагогикалық инновация: объект, пән және негізгі ұғымдар - 3-14 б.
2. Кәсіби білім №1, 2006: Мерзімді басылым, В.Г. Казаков - жаңа уақыт-кәсіби дайындықтың жаңа технологиялары - 15 б.
3. Гуров В. Педагогтың инновациялық қызметі, Қосымша білім беру және тәрбиелеу. - 2008. - № 2. - 15-18б.
4. Разина Н.А. Білім беру мекемесінің инновациялық қызметі жағдайында мұғалімнің кәсіби және жеке дамуы, Қазіргі заманғы ғылымды қажет ететін технологиялар. - 2008. - № 1. 22-23 б.
5. Ыбырайымжанов Қ.Т. Бастауыштағы педагогикалық үдерісті білім берудің жаңа жүйесінде ұйымдастырудың ғылыми негіздері - «Ғылым, білім және инновациялар - 2015. 354-359 б.
6. Нағымжанова Қ.М. Педагогикалық инновацияның зерттелуі - 2005 №3. 9 - 11 б.
7. Еркібаева Г.Ғ. Қазіргі білім берудегі педагогикалық технологиялар – Алматы, 2012. 27-32б.
8. Асанов Ж.Қазақстандағы педагогика ғылымы. – Алматы, 2010. 33-36б.
9. Бұзаубақова К.Ж., Тәжібаева С.Ж. «Жаңа әлемнің жаңа мұғалімін даярлауда инновациялық технологияны пайдалану» тренингі ; Оқу - әдістемелік құрал.- Тараз, 2018.- 100 б.

Азімхан Ф.Т., Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, педагогика факультеті БОПмӘ-41-21к. тобы
(*Мухаметжанова А.О. п.ғ.к. қауымдастырылған профессор*)

БАСТАУЫШ МЕКТЕП МҰҒАЛІМНІҢ ФАСИЛИТАТОР РЕТІНДЕГІ РӨЛІ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі мұғалімнің тек білім беруші ретіндегі дәстүрлі рөлінен алшақтап, оқушылардың дербес дамуын, олардың белсенді оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ететін фасилитатор мұғалім моделін қалыптастыруды талап етеді. Бұл әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде ерекше маңызға ие, себебі дәл осы кезеңде баланың танымдық қызығушылықтары, шығармашылық қабілеттері және өзіндік оқу дағдылары қалыптасады. Бастауыш мектеп мұғалімі тек ақпарат жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздігінен білім алуына бағыт-бағдар беруші, шығармашылық ойлауын дамытушы, өзін-өзі реттеу дағдыларын қалыптастырушы тұлға болуы қажет.

Бүгінгі таңда фасилитатор мұғалімнің рөлі туралы бірқатар зерттеулер жүргізілуде. Қазақстандық және халықаралық тәжірибе көрсеткендей, бастауыш сынып оқушыларын белсенді оқытуға бағыттау, олардың оқу процесіне қызығушылығын арттыру және дербес даму траекториясын қалыптастыру білім сапасын жақсартады. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш мектеп мұғалімінің фасилитатор ретіндегі рөлін қарастыру өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Білім берудегі бұл тәсіл бастауыш мектеп мұғалімінің жаңа функцияларын қарастырады: ол оқушының жеке қабілеттері мен қажеттіліктеріне бейімделіп, әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы